

**Назарбаев Зияткерлік мектептерінің
7-сыныптарына оқушыларды конкурстық іріктеудің
тест тапсырмалары үлгілері**

2-КҮН. ТІЛДІК ТЕСТ

МАЗМҰНЫ

ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ	3
Қазақ тілі (бірінші тіл)	5
Орыс тілі (екінші тіл)	14
Ағылшын тілі	21
ДҰРЫС ЖАУАПТАР	29

ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

Зияткерлік мектептерге қабылдау оқушылардың жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді меңгеру қабілеттілігін анықтауға бағытталған конкурстық іріктеу негізінде жүзеге асырылады.

Конкурстық іріктеу әдіснамасы 2013 жылы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының стратегиялық серіктестерімен – Cito Педагогикалық өлшеулер институты (Нидерланд) және Джонс Хопкинс университетінің Дарынды жастар орталығымен (СТУ, АҚШ) бірлесе отырып дайындалды.

Конкурстық іріктеудің кешенді тестілеуі екі күн бойы өткізіледі:

№	Тестілеу	Бөлім	Тапсырма саны	Берілетін уақыт (мин)	Балл
1	Бірінші күн. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді меңгеру қабілеттілігін анықтау бойынша тест	Математика	40	60	400
		Сандық сипаттамалар	60	30	300
		Жаратылыстану	20	30	200
		Барлығы	120	120	900
2	Екінші күн. Тілдік тест	Қазақ тілі (бірінші тіл)	20	120	600
		Орыс тілі (екінші тіл)	20		
		Ағылшын тілі	20		
		Барлығы	60	120	1500

Қабілеттілікті анықтау тестінің тапсырмалары:

- сандар арасындағы өзара байланысты көру, сандарға математикалық және логикалық ойлау негізінде сүйену, сурет, график және диаграмма түріндегі деректерге түсінік беру дағдыларын;
- табиғи құбылыстар мен процестерді сипаттау және болжау үшін деректерді қолдану, түсіндіру дағдыларын бағалау арқылы функционалдық сауаттылықты анықтауға негізделген.

Тілдік тест тапсырмалары оқу сауаттылығы дағдыларын меңгеру деңгейін тексеріп, мәтін және графикалық материалдардағы ақпаратты түсіну, талдау қабілеттерін бағалауға бағытталған.

Оқушылардың қабілет деңгейін анықтау аталған жүйенің негізгі ерекшелігі болып табылады әрі:

- NIS-Programme мазмұнын тиімді меңгеруге;
- кең ауқымды дағдыларды дамытуға және оқу барысында жетістіктерге жетуге;
- академиялық білім беру салаларына қатысты қолданбалы тапсырмаларды шешуге мүмкіндік береді.

Нәтижелерді өңдеу Нидерландтағы Cito Педагогикалық өлшеулер институтында жүзеге асырылады. Тестілеу нәтижелерін өңдеу үшін әр тапсырманың күрделілік деңгейін анықтайтын және тест бөлімдері бойынша қорытынды балдардың үлесін есептейтін автоматтандырылған психометриялық талдау жүргізіледі. Аталған тәсіл нәтижелерді объективті және сенімді бағалауды қамтамасыз етеді, сондықтан апелляция өткізілмейді. Үміткерлердің нәтижелері, тест жинақтары мен жауап парақтары жеке қарастырылмайды.

Кешенді тестілеу нәтижелері тестілеудің екінші күні аяқталғаннан кейін 40 күнтізбелік күннен соң «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ www.nis.edu.kz сайтында жарияланады және Зияткерлік мектеп ғимаратында ілінеді. Үміткерлердің кешенді тестілеу нәтижелері жалпы балл бойынша сараланған тәртіппен (ең жоғары жалпы балдан ең төмен жалпы балға дейін) ұсынылады. Үміткерлердің оқыту тілі есепке алынбайды.

«Өркен» білім беру грантын тағайындау конкурсына келесі тест бөлімдерінен шекті балл алған үміткерлер қатысады:

- «Математика» бөлімі бойынша максималды 400 балдан 140 және одан жоғары балл (35% және одан жоғары);
- «Сандық сипаттамалар» бөлімі бойынша максималды 300 балдан 120 және одан жоғары балл (40% және одан жоғары).

«Өркен» гранты Зияткерлік мектептерге бөлінген грант санына сәйкес шекті балл жинаған және кешенді тестілеу қорытындысы бойынша ең жоғары жалпы балл алған үміткерлерге тағайындалады.

2022 жылы конкурстық іріктеу жүйесіне оның жоғары деңгейдегі сенімділігін, әділдігін және халықаралық стандарттарға сәйкестігін растайтын RCEC Сараптама және сертификаттау зерттеу орталығының (Нидерланд) сапа белгісі берілді.

Қазақ тілі (бірінші тіл)

1-мәтін

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына талай жыл өтті. Сол сұрапыл соғыста ерлік көрсеткен белгісіз батырлар қаншама?! Солардың бірі – Хиуаз Доспанова. Атақ апайды алпыс жыл адасып жүріп тапты. Ол кісінің кеудесінде қазір «Халық қаһарманы» ордені жарқырайды. Қазақтың тұңғыш әскери ұшқыш қызы Хиуаз Доспанова 300-ден астам рет майдан көгіне көтеріліп, талай жауды жеңген. Ол кішкентай кезінен бастап аспанға ұшуды армандайтын. Орал қаласындағы орта мектепті бітіргенде, «әскери ұшқыш» деген атағы бар еді. Хиуаз Доспанова Қырым, Кавказ, Украина, Беларусь, Польша, Германия майданында болды. Ол – әуедегі ұрыстардың жеңімпазы.

1. Хиуаз Доспанова батыр атағын қашан алды?

- A) майданға аттанар алдында
- B) мектеп кезінде
- C) соғыс аяқталғаннан кейін
- D) соғыс жылдары

2-мәтін

– Бүгінде қазақ даласын 1,5 миллионнан астам жылқы дүбірге бөлеп жүрсе, алдағы уақытта олардың саны екі есе көбейіп, 3 миллион басқа жетпек. Алайда бұл жылқыға қатысты мәселе жоқ деген сөз емес. Мәселен, бізде жылқыны жете зерттейтін арнайы ғылыми институт жоқ. Елімізде балық, құс, жем-шөп институттары – бөлек отау. Жалғыз ғана жылқыға институт бұйырмаған, – дейді «Қазақ тұлпары» ұйымының директоры. Оның айтуынша, институт ашылса, үлкен ауқымдағы асылдандыру жұмыстарынан бастап қымызды өндіруге дейінгі небір шаруалар шешіліп, қолға алынар еді. Осындай орталықтардың жоқтығынан болар, біздің қазы-қартамызды өзгелер патенттеп, көкпарды құжаттап алған. Бұдан шығатын қорытынды: жылқы саны миллионнан асты деп жайбарақат отырмау керек.



2. Автор қандай мәселеге тоқталады?

- A) жылқы санын арттыру кезінде кездесетін қиындықтарға
- B) жылқы шаруашылығына қатысты мекеменің жоқтығына
- C) көкпарды өзгенің патенттеуіне жол бермеу керектігіне
- D) қазы-қартаны ұлттық тағам ретінде таныту қажеттігіне

3-мәтін

«Ақылы көпті дау алмайды, досы көпті жау алмайды» демекші, қашан да адам баласына серік болар жолдастарының көп болғаны жақсы. Басына іс түссе, қасынан табылатын, қуанса, шаттығын бірге бөлісетін мұндай жандардың бір-біріне деген сый-құрметі де ерекше болады. Өмірдің қатал сындарынан жұмылған жұдырықтай болып, сүрінбей өтуге тырысатын жандар бұл жалғаннан айырылмас егіздердей болып өтеді. Әдетте дос деген ұғымның рөлі көбіне жігіттер арасында өзгеше. Алайда ойы, мақсаты сәйкес келмейтін адамдарды да кездестіруге болады. Мұндай пейілі нашарларға ата-бабамыз: «Жаман аттан аяғым артық, жаман жолдастан таяғым артық», – деген екен.

«Достықтың неше түрі бар?» – деп сұрай қалсаңыз, әркім білгенінше жауап беріп жатады. Ертеректе ел ішінде Әйтімбет деген сөзге шешен адам өмір сүріпті. Бір күні замандастары әңгіме-дүкен құрып отырған шақта:

– Осы достықтың неше түрі болады? – деп сауал тастаған екен. Сонда Әйтімбет:

– Достықтың екі түрі болады. Бірі – адал достық, екіншісі – амал достық, – деп жауап қайтарыпты. Замандастары тағы да:

– Енді осы екі достықты қалай ажыратамыз? – деп сұрапты. Әйтімбет ойланбастан:

– Адал достық өмірлік нұсқа болады. Амал достықтың өрісі қысқа болады, – депті.

3. Қай ақпарат мәтін мазмұнына сәйкес келеді?

1. Аға буын ниеті түзу адамдармен араласпаған.
 2. Шын достар әрқашан бір-біріне қолдау болады.
- A) екеуі де бұрыс
B) екеуі де дұрыс
C) тек біріншісі
D) тек екіншісі

4. Амал достықтың өрісі қысқа болады.

Әйтімбет шешен не айтқысы келді?

- A) Адамдардың шағын тобы ғана бір-бірімен дос бола алады.
B) Қызығушылығы бірдей достардың ортақ әңгімесі таусылады.
C) Өз пайдасын ғана ойлайтындардың достығы шынайы болмайды.
D) Тілеулес адамдардың достық қарым-қатынасы көпке созылмайды.

4-мәтін

АҚШ-тағы «Apple» компаниясында жұмыс істейтін Аяулым бала күнінен бастап бұзылған жабдықтарды жөндеуге құмар болған. Ол – алпауыт компанияда жұмыс істеп жүрген қазақтардың бірі. Бағдарламалар инженері болып жұмыс істейтін Аяулымның мұнда келгеніне шамамен жарты жыл болған. Сынақтардан сүрінбей өтіп, бірден қатардағы қызметкер болып қабылданған. Бұл мақсатына жету үшін көп дайындалған.



– «Apple» компаниясында 150 мыңнан астан адам қызмет етеді. Барлығы – әлемдік деңгейдегі білікті инженерлер. Өзіңнен тәжірибелі, білімге құштар адамдардың жанында болсаң, өсе бересің, дами бересің. Негізгі мақсатым – өзімді дамыту, тәжірибе жинақтау, – дейді.

Аяулымның жоғары оқу орнын бітіргеніне көп болмапты. Ол Солтүстік Америка университетінің грантын жеңіп алған. Бір жыл бұрын осы оқу орнының ақпараттық технологиялар бөлімін бітірген. Грант беру кезінде барлығы – үміткердің жеке мотивациясы мен мүмкіндіктері ескерілетінін айтады.

– Мен АҚШ, Жапония, Корея, Қытай университеттеріне құжат тапсырдым. Бәрінен қабылдай алатындары туралы жауап келді, алайда Америкаға барамын деп мүлдем ойламаған едім. Таңдау еркі өзіме түскендіктен, Америкаға аттандым.

Мен әлі жас маманмын, білмейтінім көп, тәжірибем аз. Бала күнімнен бүлінген заттарды қайта құрастырып, жөндеуге асығатынмын. Сол себепті осы салаға ерекше құштар болдым. Ақпараттық технология саласы қандай да бір сұрақтың түйінін логика арқылы жүйелі түрде шешумен ерекшеленеді. Осы салада қызмет істейтін қыздар өте аз, себебі олар ауқымды жобалардан жүрексінеді. Ал мен анамның қолдауының арқасында осындай компанияда жұмыс істейтініме ризамын, – деп сөзін түйіндеді.

5. Неліктен Аяулым ақпараттық технологиялар бөлімін таңдады?

- A) анасы қалағандықтан
- B) икемі бар болғандықтан
- C) оқу грантына ие болғандықтан
- D) шетелдік оқу орны шақырғандықтан

6. Өзіңнен тәжірибелі, білімге құштар адамдардың жанында болсаң, өсе бересің, дами бересің.

Аяулым не айтқысы келді?

- A) аянбай еңбек ету керектігін
- B) бәсекеге қабілетті болу керектігін
- C) жас маманның тәжірибесінің аз болатынын
- D) жан-жақты даму үшін ортаның маңызды екенін

7. Соңғы абзацта Аяулымның қандай сезімі байқалады?

- A) мақтаныш
- B) қорқыныш
- C) қызғаныш
- D) сағыныш

5-мәтін

Дәулет – IT маманы. Осы салада ұзақ жыл жұмыс жасап жүрген Дәулет былтырдан бері әлеуметтік жобаны қолға алған. Ол негізін салған «Rocket Plastic» шеберханасы пластикті қайта өңдеп, одан ұзақ уақыт қолданыста болатын заттар әзірлеумен айналысады.

«Былыр Алматыда өткен марафонға қатысқан едім. Сол кезде су ішуге арналған орындардың айналасында шашылып жатқан пластик бөтелкелер мен қағаз стақандарға көзім түсті. Қоқыс жәшіктерін көре тұра, адамдардың пластик қалдықтарын далаға тастағаны мені қатты таңғалдырды. (1) Сол кезден бастап осы мәселені зерттей бастадым.

Қазақстанда пластик қалдықтарын қайта өңдеу жолға қойылмағанын білеміз. Әдетте барлық пластикті жинап, қала сыртындағы полигондарға шығарып тастайды. Қала көшелерінде шашылып жатқан пластикті көрмегеннен болар, біз үшін бұл проблема болып көрінбеуі мүмкін. Бірақ қала сыртындағы қоқыс қоршаған ортаға, адамдарға үлкен зиянын тигізеді. (2) Сіз қалада не ауылда тұрасыз ба, қарапайым адамсыз ба, жоқ миллионерсіз бе – бірі де маңызды емес. Экология – бәріне ортақ.

Жоба жайлы идеямды досым әрі IT саласындағы серіктесіме айтқан едім, ол бірден қолдайтынын айтты. (3) Сондықтан мен әлеуметтік желіде эко-жобамен айналысқалы жатқанымды, егер командаға қосыламын дейтіндер болса, маған хабарласуын өтіндім. Осылайша қатарымызға бізге қолдау көрсететін топ жинақталып үлгерді. Олар біздің жұмысымызға қолдарынан келгенше көмек беріп, идеяларымен бөліседі.

Біздің ел бұл проблемаға енді назар аударып келеді. Көшелерде арнайы қоқыс жәшіктері қойылып, кейбір дүкендер биопакеттер ұсынууда. Алайда халықтың тең жартысында қоқыс сұрыптауды ойлайтын уақыты да жоқ. Оларға пластиктің зияны, сұрыптаудың маңызы жайлы ақпарат жиі айтылмайды. (4) Адамдардың экологиялық сауаты мен белсенділігін арттырғымыз келеді», – дейді Дәулет.

Дәулеттен кеңес:

Егер саналы тұтынуға өтуге шешім қабылдасаңыз, бірінші кезекте дүкеннен пластик пакет алудан бас тартасыз. (5) Азық-түлік заттарын салу үшін өзіңізбен бірге бірнеше рет қолдануға болатын пакет немесе эко-сөмке ұстаңыз.

Үйде бірнеше қоқыс жәшігін қойыңыз. Пластик, қағаз, шыны қалдықтарын бөлек жинаңыз. Егер үйіңіздің жанында қоқысты бөлек тастайтын контейнерлер болмаса, оны қабылдайтын жерлерге тапсырыңыз.

8. Мәтіндегі 1-5-сөйлемдерден нені аңғаруға болады?

Дәулет –

- A) ақпараттық технология саласының үздік маманы, әлеуметтік жоба жетекшісі.
- B) қоқыс қалдықтарын қайта өңдейтін технологияны ойлап тапқан өнертапқыш.
- C) қоқысты қайта сұрыптаумен айналысатын жаңашыл достары көп адам.
- D) қоршаған ортаның мәселесіне бейжай қарамайтын, жанашыр азамат.

9. Дәулеттің шеберхана ашуына не себеп болды?

- A) дүкендердегі пластик пакет жарнамасы
- B) елімізде қайта өңдеу өндірісінің жандануы
- C) қала көшесінде шашылып жатқан пластик ыдыстар
- D) сұрыптауға арналған қоқыс жәшігінің пайда болуы

10. Қай ақпарат мәтін мазмұнына сәйкес келеді?

- A) Дәулет әлеуметтік желілер арқылы эко-сөмкені жарнамалады.
- B) Дәулет достарымен бірге ауқымды эко-жобаны жүзеге асырды.
- C) Дәулет мамандығы бойынша қосымша табыс табуды қалайды.
- D) Дәулет пластикті арнайы орындарға тапсыру қажеттігін айтады.

11. Мәтін қандай үлгіде жазылған?

- A) әңгіме
- B) баяндама
- C) мақала
- D) сұхбат

6-мәтін

Наурыз мейрамы туралы шетелдіктер не ойлайды?

1. Исак Рамадани (Македония):

– Македонияда дүниеге келдім, ұлтым – албан. Мұсылман болғаным үшін Наурыз мейрамы туралы көп естимін. Соңғы жылдары біздің елде де ауқымды тойлана бастады. Бірде түрлері түріктерге ұқсайтын еліміздің азаматтарының алдымнан шығып, арнайы мейрамға дайындалған асын ұсынғаны әлі есімде. Бір жыл өтсе де, дәмі аузымнан кетер емес. Өкінішке орай, оның атын ұмытып отырмын. Сіздерде осындай ортақ мейрамның бар екеніне ризамын.



2. Агуэй-Боади (Гана):

– Мен дүниеге келген елдің тең жартысы – мұсылмандар. Дегенмен мұнда Наурыз тойланбайды. Мүмкін географиялық аймақтарға байланысты тойланатын шығар. Осындай ұлттық мейрамның көп болғаны дұрыс. Әрқашан мейрамның маңыздылығын жоғалтып алмауға тырысу керек. Егер елде тек бір ұлт болса, оның жойылу мүмкіндігі болмайды. Ал көпұлтты елде мейрам сынды ұлттық құндылықтарды берік сақтау қиын. Өз еліңіздің ұлттық құндылықтарын қадірлеуден шаршамаңыздар дегім келеді.

3. Эзар Чан (Қытай):

– Қытайдың оңтүстік-шығыс аймағында тұрамын. Сондықтан Наурыз мейрамына қатысты дым естімеген екенмін. Түркі тектес ұлттар Қытайдың солтүстік-батыс жағын мекендеген. Мүмкін сол аймақта Наурыз мейрамы аталып өтілетін шығар.

4. Энн-Джеймс (Ямайка):

– Біздің елдің азаматтары әлемнің түкпір-түкпірінен келген. Мысалы, менің әкем үндістандық болса, анам – марокколық. Ал мен Ямайкада дүниеге келдім. Сондықтан біздің елге ғана тиесілі мейрам жоқ деуге болады. Әркім өзінің дәстүріне сай өмір сүреді. Ал сіздерде жалпы ұлтқа тән, тіпті бірнеше ұлттың басын қосатын мейрамның болғаны қуантады. Бұл халықтың бірлікте өмір сүруіне түрткі болады. Мен сіздерге қызығамын.

12. Өкінішке орай, оның атын ұмытып отырмын.

Осы сөйлемде оның деп кімді/нені айтады? (1-абзац)

- A) дәстүрдің атауын
- B) мейрамның түрін
- C) тағамның атауын
- D) танысының есімін

13. 2-абзацтың негізгі ойы қандай?

- A) Ұлттар арасындағы достықты бағалау қажет.
- B) Ұлттық ерекшелікті жоғалтпау керек.
- C) Ұлттық мейрамды лайықты атап өту қажет.
- D) Ұлттық мейрамды мақтан тұту керек.

14. Кімнің сөзінде мерекеге қатысты немқұрайлық байқалады?

- A) Исак Рамадани
- B) Агуэй-Боади
- C) Эзар Чан
- D) Энн-Джеймс

7-мәтін



– «Домбыра Party» туралы ең алғаш Facebook-тен білдім. Суреттер мен пікірлерді көріп, бұл жобаға қызыға бастадым. Біраз уақыттан кейін әлеуметтік желіден Нұрғиса ағамыздың жазған жазбасын оқыдым. Ағамыз Лондонға келетінін және «Домбыра Party» ұйымдастыратынын жазып, осы жерде жүрген қазақтардың хабарласуын сұрапты. Мен де «бұл мәселе қашан шешіледі екен, нақты болатын уақыты мен жері қашан анықталады екен» деп біраз уақыт күттім. Кейін анық-қанығын білдік. Сүйінші хабарды желі бойынша

жан-жаққа тараттық. «Лондондағы домбыра кешіне аз адам келіп, ұят болып қалмағай!» – деп те уайымдадық. Себебі жанымда жүрген қазақ студенттерінің оқуы аяқталып, басым бөлігі елге оралған болатын.

Абырой болғанда, елорданың туған күніне орай өткен шараға қырыққа жуық қазақ жиналды. Жиналып қана қоймай, Нұрғиса ағамызды қолдап, өздері де домбыраны қолға алып, өнер көрсетті. Көшеде серуендеп жүріп, бізді кездестіріп қуанған қазақтар да болды. Домбыраның үнін естіп, арамызға келіп қосылып жатты. Біраз бауырларымыздың шетелде жүріп, өз елін сағынғаны байқалды. «Домбыра Party» елден жырақта жүрген ағайынға Қазақстанда болып қайтқандай әсер сыйлады. Себебі айтылған әндер, тартылған күйлер елге деген сағынышымызды біршама басты деуге негіз бар. Осындай қазақтардың басын қосатын, елге, жерге деген сүйіспеншілікті арттыратын, рухымызды асқақтататын бастамалардың көбейсе беруін тілеймін. Ал мен домбыра кешінің Лондонда жалғасын табуын қадағалап, септігімді тигізуге әзір екенімді баса айтқым келеді.

15. Домбыра кешіне жиналған көпшілік өздерін қалай сезінді?

- A) Өздерін туған жерге барып келгендей сезінді.
- B) Өздерін үлкен сахнада өнер көрсеткендей сезінді.
- C) Тек қазақ күйлерін қатты сағынғандарын түсінді.
- D) Туған жерден жырақта жүргендеріне қиналды.

16. Қай ақпарат мәтін мазмұнына сәйкес келмейді?

- A) «Домбыра Party» ән-күйлері көрерменнің сағынышын басты.
- B) «Домбыра Party» Нұрғиса ағаның басшылығымен өткізілді.
- C) «Домбыра Party» Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылды.
- D) «Домбыра Party» шарасын тамашалауға біршама адам келді.

17. Автор «Домбыра Party» шарасына қандай тілек білдіреді?

- A) Бұл бастаманың одан әрі жалғасын табуын қалайды.
- B) Домбыра кешінің жоғары дәрежеде өтуін тілейді.
- C) Елімізде домбыра кешінің жиі ұйымдастырылуын қалайды.
- D) Шетелдегі студенттер үшін шараның қайта өткізілуін тілейді.

8-мәтін

Бір орманда екі адам ағаш шабады екен. Бірінші адам таңертең ерте ұйқысынан оянып, бір ағашты шауып бітсе, дереу екіншісіне өтіп, тыным таппайды. Таңнан қара кешке дейін дәл осылай еңбектеніп, тынығу дегенді білмейді. Түскі асты ішуді де ұмытып кетеді. Кешкісін досынан кейін қалып, тағы бірнеше сағат жұмыс істейді. Екінші адам болса, ағаш шауып түсірген сайын біраз отырып тынығып, қас қарая бастағанда, үйіне қайтып кетеді.

Бір апта бойы осылай еңбектенгеннен кейін, екеуі бір апталық ағаштарын санап көрмекші болады. Екінші адамның шапқан ағашы көбірек болып шығады. Тыным таппай еңбектенген бірінші адам ызаға булығып, қасындағы адамнан мұның сырын сұрайды. Екінші адам сәл ғана езу тартып, былай деп жауап қатады: – Мұның сен ойлағандай сыры жоқ. Сен еш тынбай еңбектенесің. Ал мен кейде тынығып отырып, балтамды қайрап аламын. Өткір балтамен жұмыс істеу жұмысты жеңілдетеді әрі шаршамайсың.

Өз-өзінді жетілдіру балтаны қайрағанға ұқсайды. Өз-өзімізге уақыт бөліп, істің көзін табуымыз керек. Кемшіліктеріміз болса, оларды толықтырып, жетілдіре түсуіміз қажет. Бұл рухани жан-дүниеміз бен ой-өрісіміздің кеңеюіне көп септігін тигізеді.

18. Неліктен аз жұмыс істеген адамның ағашы көбірек болып шықты?

- A) демалуына көңіл бөлетіндіктен
- B) құралын ауыстырып отыратындықтан
- C) түскі асты уақытында ішетіндіктен
- D) үйіне ертерек қайтатындықтан

19. Автор қандай кеңес береді?

- A) Бәсекеге қабілетті болуымыз керек.
- B) Демалмастан еңбек ете білуіміз керек.
- C) Жеңіске жетуге тырысуымыз керек.
- D) Өзімізді үнемі дамытуымыз керек.

9-мәтін

Эволюция теориясы бойынша адам маймыл тәріздес жануардан тік жүретін тұлғаға айналу үшін біршама уақыт кетіпті. Ал ғалымдар заманауи технологиялардың бұл жетістікті жоққа шығарып отырғанын айтады. Себебі ұялы телефон мен гаджеттерді күнделікті қолдану адамды бүкірейтіп, жүрісін өзгерте бастапты.

Осы салада жүргізілген тәжірибеге 26 ерікті қатысты. Олар алғашында жолдарын телефонсыз жүріп өткен. Артынан мамандар олардың қолдарына смартфон ұстатып, хабарлама жазып не оқып жүрулерін өтінген. Тәжірибеге қатысқан адамдардың жүрісін, денесінің қалпын компьютерлік бағдарлама тіркеп отырған. Зерттеу нәтижесінде хабарлама жазу адамды бүкірейтіп, жүрісін ерекше қалыпқа түсіргені байқалды. Алға қарай еңкейіп, телефонға үңілгендер адам дамуының кері сатысын көрсете бастағандай. Осындай қалыптағы адамның басы мен омыртқасы 15 келі салмаққа тең қосымша жүктеме алады екен. Иық пен мойын бұлшықеттері де осы қалыпта зақымданады. Адам ағзасына омыртқа мен жүйке ауруларының қайдан келетінін ойлай беріңіз.

20. Адам жүрісінің өзгеруіне не әсер етті?

- A) ағзаның ауруға шалдығуы
- B) ауыр заттарды көтеру
- C) жануарларға еліктеу
- D) технологияны қолдану

Русский язык (второй язык)

Текст 1

Наш организм должен получать разнообразную пищу, насыщенную белками, жирами, углеводами, а также витаминами и минеральными веществами. Белки – основной строительный материал. Благодаря им строятся все необходимые организму процессы. Белки незаменимы в питании. Если организм не получает белки – это может привести ко многим болезням. Белки содержатся в мясе, молоке, рыбе, яйцах, орехах. Углеводы – это топливо для производства энергии. Жиры – для образования энергии и тепла. Эти полезные питательные вещества необходимы нам для того, чтобы организм получал достаточно энергии, чтобы двигаться, для лучшей работы головного мозга. Они содержатся в мёде, гречке, изюме, масле, фруктах.

21. О чем говорится в тексте?

- A) о деятельности мозга
- B) о полезных привычках
- C) о правильном питании
- D) о строении организма

Текст 2

Абулхаир хан

Несомненно, к числу выдающихся государственных деятелей Казахстана принадлежит хан Младшего жуза Абулхаир (1693–1748 г.г.), который является родоначальником российско-казахстанской дружбы.

В 1719 году он был избран старшим казахским ханом. Ханскую власть Абулхаир получил не по наследству, а благодаря выдающимся личностным качествам, присущим исключительно людям одарённым, отмеченным «рукой Бога». Такое в истории казахского народа случалось крайне редко.

По традиции в те времена ханская власть передавалась по наследству. Такое положение нередко приводило к расшатыванию общества, ослаблению обороноспособности страны, что помогало внешним врагам нападать и легко захватывать казахские земли.

22. «Такое положение» (последний абзац)

Какое положение имеется в виду?

- A) власть передается от отца к сыну
- B) власть получают способные люди
- C) нападение врагов
- D) ослабление страны

Текст 3

Озеро Кок-Коль в Жамбылской области очень необычно. В озеро не впадает и из него не вытекает ни одна река или ручей, но вода в нём постоянно прозрачная и свежая, что приводит учёных к мысли о существовании подводных пещер. Об этом говорит и внезапное появление на спокойной до того водной глади больших воронок, всасывающих непонятно куда плавающие предметы, даже птиц. Если верить древним туркестанским легендам, в глубинах озера живёт «водяной дух Айдахар». Бывало, что там слышалось негромкое с присвистом шипение или глухой протяжный рёв.

23. Почему озеро считается необычным?

Потому что

- A) в озере живёт водяной дух Айдахар.
- B) вода в озере имеет лечебное действие.
- C) вода в озере прозрачная и свежая.
- D) озеро издаёт странные звуки.

Текст 4

Независимо от того, на каком языке говорит человек, он может точно угадать некоторые звуки из абсолютно чужого языка. Считается, что язык должен был начинаться с общепонятных жестов или картинок, которые сопровождалась озвучкой голосом.

Однако исследователи из Бирмингемского университета пришли к выводу, что существенную роль в зарождении языка играют общепонятные звуки. Несмотря на огромную разницу между языками, смысл некоторых звуков угадывался довольно точно. 25, по звучанию слова sleep (спать, сон) многие точно угадывали, что речь идёт о чём-то, связанном со сном, и точность догадок составляла 98,6%. Лучше всего о значении звуков догадывались в таких словах, как eat (есть, поедать), child (ребёнок), tiger (тигр), water (вода).

В целом авторы делают вывод, что язык начинался не только с визуальных иконок, но и с определённых звуков, которые тоже могли быть своеобразными иконками – их узнавали все без помощи визуальных знаков.

24. Какое из утверждений верно согласно тексту?

- 1. Значение некоторых слов можно понять без перевода.
 - 2. Доказано, что язык возник из общеизвестной жестикуляции.
- A) только первое
 - B) только второе
 - C) и первое, и второе
 - D) ни первое, ни второе

25. Какое слово лучше вставить на место пропуска во втором абзаце?

- A) Вероятно
- B) Конечно
- C) Например
- D) Напротив

Текст 5



Почему телевизор вытесняет книгу? Да потому, что телевизор заставляет вас не торопясь просмотреть какую-то передачу и отвлечься от повседневных хлопот. Но постарайтесь выбрать книгу, сесть с ней поудобнее, и вы поймёте, что есть книги, без которых нельзя жить. Я не говорю, чтобы вы перестали смотреть телевизор. Я говорю, чтобы вы смотрели его 26. Определите сами свой выбор, учитывая то, какую роль приобрела выбранная

вами книга в истории человеческой культуры. Это значит, что в книге есть что-то существенное.

Может быть, это существенное для человеческой культуры окажется существенным и для вас?

26. Какие слова лучше всего вставить на место пропуска?

- А) более осознанно
- В) вместе с родителями
- С) как можно больше
- Д) только по утрам

27. К какому типу речи относится текст?

- А) к описанию
- В) к повествованию
- С) к рассуждению

Текст 6



Собака хаски довольно крупная. Однако держать её в квартире можно. Крайне важно создать домашнему питомцу условия проживания. Ведь порода эта необычная, и для её воспитания желательно иметь опыт и физическую подготовку. Вот что говорят владельцы хаски.

Арман

Необходимо выделить для щенка определённое место, где он будет питаться, играть и отдыхать, ведь от всего этого зависит его настрой на день. Коврик лучше стелить там, где нет отопительных приборов, холодильника, дверей и кровати. Матрац лучше не использовать. Это изнежит животное.

Диана

Во время прогулок нужно нагружать собаку физически, тренировать её. Важно, чтобы хаски смогла истратить всю лишнюю энергию, которая накопилась во время нахождения в квартире. Иначе четвероногий друг может заскучать и начать уничтожать всё, что находится в комнате. Каждая прогулка должна длиться не менее часа.

Руслан

Начинать дрессировать собаку нужно с раннего возраста. Иначе ваш пёс вырастет упрямым и непослушным. Навыки бойцовских собак прививать хаски опасно. Ветеринары утверждают, что у неё может случиться психологическая травма.

28. Какое из утверждений соответствует взглядам всех владельцев хаски?

- A) Дрессировка сделает хаски настоящим бойцом.
- B) Состояние хаски зависит от правильного ухода.
- C) Хаски необходимо соблюдать режим питания.
- D) Хаски требуют комфортных условий проживания.

29. Какому хозяину больше подойдёт хаски согласно тексту?

- A) водитель-дальнобойщик
- B) девушка-спортсменка
- C) мальчик-второклассник
- D) старушка-пенсионерка

Текст 7

1. В тропиках, где проблемы сбережения тепла не существует, стены жилищ зачастую состоят из плотно соединённых стеблей растений – тростника или пальмы. 2. Воздух свободно циркулирует сквозь подобные стены, и в жилище всегда прохладно. 3. Крыши покрывают пальмовыми листьями. 4. В Новой Гвинее остроконечные крыши домов вождей местных племён, покрытые пальмовыми листьями, выдерживают самую страшную тропическую бурю. 5. В Англии и Шотландии умение крыть крыши соломой или тростником было традиционным искусством. 6. Иногда из травы или тростника возводят целые дома. 7. Сама жизнь людей зависит от растений. 8. Мы вдыхаем кислород, выделяемый растениями. 9. Мы питаемся растениями и мясом животных, которые, в свою очередь, питаются растениями. 10. То, что мы называем цивилизацией, зародилось, когда наши предки стали использовать пищевые растения. 11. Начало этому было положено в Месопотамии. 12. Там кочевые охотники обнаружили, что дикие травы со съедобными семенами можно выращивать и получать урожай вместо того, чтобы собирать их от случая к случаю. 13. Старейший письменный документ, обнаруженный археологами, – обожжённая глиняная табличка, на ней специальными символами записаны расчёты по торговле и уплате налогов зерном.

30. Какое из утверждений верно согласно тексту?

- 1. Растения начали употреблять в пищу в Новой Гвинее.
- 2. Для возведения дома использовали и листья, и стебли.
- A) только первое
- B) только второе
- C) и первое, и второе
- D) ни первое, ни второе

31. С какого предложения начинается вторая часть текста?

- A) В Новой Гвинее остроконечные крыши домов вождей местных племён выдерживают любую тропическую бурю.
- B) Иногда из травы или тростника возводят целые дома.
- C) Крыши покрывают пальмовыми листьями.
- D) Сама жизнь людей зависит от растений.

32. На что указывает слово «этому» в 11 предложении?

- A) на добычу продуктов
- B) на использование продуктов
- C) на торговлю продуктами

Текст 8



1. Футбол ведёт свою историю с XII века, а родиной этого вида спорта считается Англия. В двенадцатом веке мяч гоняли просто на улицах и площадях, а численность команд порой была больше 100 человек. Чтобы отличать, из какой команды игрок, надевали своеобразную форму. В то время можно было и руками, и ногами забивать гол в ворота соперника, сбивать противника, никто не получал жёлтую карточку за нарушение правил. В результате возникали массовые побоища.

2. Всё это не могло остаться незамеченным властями, они считали игру опасной (не только физически, под видом игры в футбол стали часто собираться недовольные), поэтому футбол пытались запретить. И вот это, наконец, удалось королю Эдуарду II в 1313 году, а тем, кто все-таки хотел играть, пригрозили штрафами, а позднее даже смертной казнью.

3. 35 уже в XVI веке запреты стали снимать, потому что народ всё равно продолжал играть в футбол и отстаивать право на его существование. Ничто не смогло сломить страсть людей к футболу. В начале XX века его даже включили в программу Олимпийских игр. Многочисленные опросы показывают, что футбол является самой популярной игрой среди детей и взрослых.

4. «Несомненным плюсом футбола является его доступность для большинства людей – достаточно набрать команду (и не обязательно 11 человек, как в большом футболе), найти площадку и обзавестись мячом. Не случайно в любом дворе любого города чаще встретишь детей, гоняющих мяч, а не играющих, например, в волейбол», – отмечает любитель футбола Сергей Кручинин.

33. Чем отличался футбол двенадцатого века от современного?

- A) в командах было по сто человек
- B) на игровых площадках не было ворот
- C) правила не были строго установлены
- D) футболисты не надевали форму

34. По какой причине в 1313 году футбол был запрещён?

- A) Играющие в футбол устраивали драки.
- B) Игроки оставляли работу из-за футбола.
- C) Команды игроков мешали уличному движению.
- D) Король Эдуард II считал его бесполезной игрой.

35. Какое слово лучше вставить на место пропуска в третьем абзаце?

- A) В связи с этим
- B) Вскоре
- C) Однажды
- D) Однако

36. Какова связь между данными опроса (3 абзац) и мнением Сергея Кручинина (4 абзац)?

- Они являются
- А) противоречием.
 - В) совпадением.
 - С) сравнением.

Текст 9

Как мы знаем, наши бабушки и дедушки писали о себе своим друзьям и родным длинные и красивые письма, клали их в конверт, писали адрес, заклеивали конверт, наклеивали марку и отправляли по почте. Через неделю, а то и через месяц письмо читали и писали ответ. Так проходил ещё месяц. Затем наши родители стали всё чаще посылать вместо писем телеграммы, потом – просто звонить своим адресатам. Сегодня мир изменился очень сильно. Где письма, где телеграммы? SMS, факс, сотовый телефон пришли им на смену. А где старая почта? Теперь это 37 почта. Информация передается мгновенно и на любое расстояние. А лицо адресата можно увидеть на мониторе.

Но почему мы так волнуемся, когда перечитываем старые письма наших бабушек и дедушек?

37. Какое слово лучше всего вставить на место пропуска в первом абзаце?

- А) авиационная
- В) голубиная
- С) железнодорожная
- Д) электронная

Текст 10

Леса нашей республики – это среда обитания многих зверей и птиц, их дом, где они выводят потомство, находят корм и защиту.

Истинным украшением лесов является лось, у него прекрасное чутьё и слух. Лось обладает огромной силой, умеет плавать и нырять. Может легко перепрыгнуть без разбега четырёхметровую канаву и двухметровую изгородь.

Бывает, что лоси сильно повреждают хвойные молодняки и лесопосадки, когда в бескормицу зимой в большом количестве сосредотачиваются на небольших участках сосновых культур. Проведение в лесничествах мероприятий, создающих условия для их сытной жизни, позволяет в большинстве случаев исключить подобные явления. Лось исключительно лесной житель. Благодаря длинным ногам с раздвижными копытами легко ходит по болотам.

38. Какое утверждение не соответствует содержанию текста?

- Лоси
- А) без труда преодолевают препятствия.
 - В) передвигаются по воде с осторожностью.
 - С) распространены в лесной зоне страны.
 - Д) склонны повреждать лесопосадки.

Текст 11

Гонки за сыром. Даже само название такого вида спорта вызывает улыбку. Ведь обычно за сыром гоняется мышь, при чём тут человек? На самом деле в погоне за развлечениями придумывают и не такое. К тому же в древности людям более остро требовались яркие приключения, вот и возник довольно давно такой вид спорта. Сегодня даже англичане ведут спор с французами, кто же именно придумал гонки за сыром. Смысл соревнований довольно простой. Сначала все участники становятся на вершину холма, затем кидается сыр и все что есть силы бегут за ним. Победителем считается тот, кто поймает круг молочного продукта у подножия горы. Одежда у участника может быть абсолютно любой. Победитель же в качестве главного приза получает не только денежное вознаграждение, но и спортивный снаряд-сыр.

Хотя со стороны такая забава и кажется весёлой, на самом деле такой вид спорта довольно травматичный – редкий забег обходится без переломов и травм. Одно время гонки за сыром в Англии оказались даже под запретом. Спустя некоторое время состязания снова разрешили, но травмы так и остались неотъемлемым атрибутом игр. А разве это может остановить любителей популярного спорта? Его популярность продолжает расти и сегодня.

39. Каким качеством нужно обладать победителю состязания?

- A) внимательность
- B) скорость
- C) сила
- D) хитрость

40. Какова роль второго абзаца по отношению к первому?

- Он
- A) дополняет информацию.
 - B) обобщает информацию.
 - C) противопоставляет информацию.
 - D) сравнивает информацию.

English language

Read the question first, then the text.

41. Which statement is correct, according to the text?

- A) The cruise lasts for one month.
- B) The ships have entertainment areas.
- C) Tourists can't go in for sport there.
- D) Tourists need to pay in the restaurants.

Crystal Cruises - Luxury Every Day

Come sail on a Crystal Cruise ship! We have three luxurious ships: The Crystal Queen, The Crystal Princess, and The Crystal Palace.

Experience luxury on cruises around the Caribbean Sea, available for 7 or 14 days.

Our seven-day cruise costs \$2000, and our two-week cruise is \$3500.

All food and drinks are included in the price. Our ships feature a casino, cinema, five-star restaurant, theatre, library and a fully equipped gym.

Come aboard today for the holiday of a lifetime!

Call now: 020-4455832

.....

Read the question first, then the text.

42. What words are missing in the text?

- A) please avoid sharing your library account.
- B) please make sure to bring the books on time.
- C) please share your lunch with classmates.
- D) please try to change your library account.

School Library Notice

Students are allowed to sign out three library books at a time from the fiction and non-fiction collections. This limit does not include textbooks. Students must present their library card when signing out books.

We ask that students do not sign out books for others because, if your friend or classmate loses the book, the person whose account was used will be held responsible. This can lead to hard feelings. Similarly, just as you wouldn't share your computer account, 42.

Library books are due three weeks from the date they are signed out. You can check the due date:

- In the back of the book.
- Online through our electronic library system.

.....

Read the question first, then the text.

43. Why does Christine write the letter?

- A) Because she appreciates Caroline's work.
- B) Because she likes teaching English.
- C) Because she prefers to teach teenagers.
- D) Because she wants to improve her English.

Hello Caroline,

I want to thank you for your lessons. I work in France, teaching English to adults, and your lessons are both fun and incredibly helpful to my students. I use them whenever a student has challenges with speaking or writing. I'm looking forward to your future lessons. Thank you so much!

Best wishes,
Christine

Read the question first, then the text.

44. You are searching for work. Which of the texts below contains information you are looking for?

- A) 1
- B) 2
- C) 3
- D) 4

1 €20,000 offered by "Fondazione San Marino Cassa di Risparmio – SUMS" for a two-year contract with StudioMusica. The winner will perform in 10 major national and international concerts.	2 Parkhouse Hotel Our hotel is just 6 miles away! Family Run Motel Near Stonehenge www.parkhousemotel.
3 Our fleet of luxury cars, including the Aston Martin DB9, Ferrari 430 Spider, and Audi R8, is available for personal hire, ideal for weddings, birthdays, and special outings.	4 Urgent Need for Staff Grade Anaesthetist Duration: 3 months Location: North London Recruiter: Medecho Salary: £50.00 per hour Contract: Permanent/Full-time Reference: 4471926

Read the question first, then the text.

45. Where can you find this kind of text?

- A) in the advertisement for holidays
- B) in the booklet for tourists
- C) in the invitation card to a concert
- D) in the schedule of a TV show

Modern Bath

Bath is a beautiful city, popular with tourists year-round. There is so much to see and do in Bath! The city is home to museums and art galleries, and many tourist attractions, such as the Roman Baths. Bath also boasts five theatres, one of which is called The Egg. It is uniquely shaped like an egg and was specifically built for young audiences. The city hosts a variety of festivals, including an international music festival, a literature festival, and even a beer festival.

.....

Read the question first, then the text.

46. What is the main idea of the text?

It gives tips on how to ...

- A) lead a healthy lifestyle.
- B) protect the planet.
- C) save money.

You can help the environment too! These tips will help save water and energy. Be sure to ask your parents before trying any of them!

- Choose locally grown food. Transporting food long distances wastes fuel and increases CO2 emissions.
- Turn off the lights when you're not using them.
- Turn off the water while brushing your teeth.
- Take shorter showers instead of baths.

Share these eco-friendly tips with your family and friends!

.....

Read the question first, then the text.

47. Why is the text about nuts titled “Be a Health Nut!”?

- A) Because it helps us to buy this valuable product.
- B) Because it informs us how to use them in recipes.
- C) Because it shows us the benefits of this food for people.

Be a Health Nut!

Nuts are not only delicious, but they’re also good for you. They are packed with nutrients like magnesium, potassium, and arginine. While nuts are high in calories, they should be eaten in moderation. They also contain polyunsaturated and monounsaturated fats (the healthy types of fat) and can help lower cholesterol. This makes them heart-healthy.

-
1. Do you play computer games online? Do you send email messages to your friends? You can access all kinds of information on the Internet. People use it to work from home, and scientists use it to conduct research.
 2. The Internet is a system that connects computer networks, linking millions of computers worldwide. **It** allows your computer to access information stored on remote computers. Some networks have only a few computers, while others have thousands. Computers connect to the Internet through telephone and cable systems.
 3. Millions of people use the Internet every day. In 1981, only 213 computers were connected to the Internet. By 2003, that number had grown to more than 216 million. The exact number of Internet users is unknown, but computer experts estimated there were 61 million users worldwide by the end of 1996. By the end of 2013, the number of users may have ranged from 700 million to 900 million.

48. “Do you play computer games online? Do you send email messages to your friends?” (paragraph 1)

Why does the author ask these questions?

- A) He wants readers to post their answers on the site.
- B) He wants to draw our attention to reading the text.
- C) He wants us to find answers to the questions in the text.

49. What does the word “It” refer to in paragraph 2?

- A) a computer
- B) an online system
- C) the Internet

50. What is the main idea of paragraph 3?

- A) Scientists are still estimating the exact number of computers.
- B) The computers connected to the Internet have a rich history.
- C) The number of computer users continues to increase.

51. Which paragraph answers the question “What is the Internet?”?

- A) Paragraph 1
- B) Paragraph 2
- C) Paragraph 3

.....

Victor Aims to Change the World, One Skateboarder at a Time

1. Victor Davila, 18, hops on his skateboard and rolls down a cracked sidewalk. The air is filled with smoke from cars and trucks. Welcome to Hunts Point, a low-income neighborhood in the Bronx in New York City. Victor wants to address these issues because he loves his community. To get other teens involved, he is giving away something else he loves: skateboards.

2. Last year, Victor started a group called Eco Ryder. Victor and two of his friends teach kids how to design and build skateboards. When they are done, the kids get to keep the boards. “To receive a skateboard, they have to go through all of our environmental workshops,” Victor explains. In these workshops, kids learn about their local environment. “53, we talk about the different animals that live in the Bronx River,” says Victor.

3. What’s next for Victor? His biggest dream is to expand Eco Ryder to other cities across the country. He wants kids to get involved in their communities, no matter where they live.

52. “The air is filled with smoke from cars and trucks”. (paragraph 1)

What does this sentence mean?

- A) There are problems with the environment.
- B) This place is experiencing real economic growth.
- C) Too many people live in one house there.

53. What words are missing in paragraph 2?

- A) At least
- B) For example
- C) In addition
- D) On the contrary

54. What do we read about Victor in paragraph 3?

- A) His wish to transform his experience to other countries.
- B) The ideas he wants to realize in the coming times.
- C) The problems he has faced in making children enthusiastic.

A “Hoppy” Discovery

A new frog species has been discovered in New York City.

1. Usually, scientists search rainforests, ocean habitats, or other places on Earth to discover new plant and animal species. So, when a new type of frog was found hopping around New York, you could say scientists were very happy.

2. Three years ago, science student Feinberg explored New York, listening for sounds and collecting unusual frogs. He shared his research with biologist Catherine E. Newman, who was studying leopard frogs. She analysed the frog’s blood samples and compared the new frog’s blood structure with that of the leopard frogs. The frogs looked nearly identical, but their blood structures varied significantly.

3. Feinberg believes the frog may have once lived in Manhattan, but its current habitat ranges from the Great Swamp National Wildlife Refuge in New Jersey to the northern counties of New York. It may even be living in parts of Connecticut and Pennsylvania. The frog’s habitat seems to centre around Yankee Stadium. 57 Feinberg hasn’t found any frogs living around the famous baseball field.

55. What is the function of paragraph 1?

The author wants ...

- A) to describe the different habitats of animals and plants.
- B) to draw attention to an unusual discovery.
- C) to make a joke about scientists.

56. What makes this new type of frog different from leopard frogs? (paragraph 2)

- A) its blood structure
- B) its present habitat
- C) its strange appearance

57. Which words are missing in paragraph 3?

- A) But so far
- B) In particular
- C) Once again

.....

You were surfing the Internet and found Lila's blog:

1. I love my little sister. She's everything to me. I enjoy dressing her up and playing with her. She's the greatest little sister anyone could have. Unfortunately, we can't go to the latest parties together because she's my dog, Shuga.
2. Shuga means the world to me. I love her as if she were my little sister. She's so spoiled and sometimes has an attitude, just like a human (I swear). My mom brought her home in 2006, and she quickly became part of the family. Everyone loves her, and she knows it. She's super friendly and incredibly sweet. I don't know what I'd do without her.
3. Shuga is a Pekingese, and she's the best dog a person could have. It gets a little tough without her on campus. Sometimes I wake up and look for her, forgetting I am at school and not at home. I don't know if any of you have pets, but mine is my everything. I hope you don't think I'm weird because I love my dog so much, but I really do! I mean some people say diamonds are a girl's best friends, but Shuga is mine!

58. Why did Lila write this post?

- A) to complain about living without a pet on campus
- B) to express her opinion on friendship between humans and pets
- C) to share her feelings about her pet with the readers

59. Which paragraph tells how Shuga became a family member?

- A) Paragraph 1
- B) Paragraph 2
- C) Paragraph 3

60. What is the best title for this text?

- A) A Day at the School Campus
- B) A Girl's Best Friend
- C) A Very Fashionable Pet

ДҰРЫС ЖАУАПТАР

№	Жауап
1	C
2	B
3	D
4	C
5	B
6	D
7	A
8	D
9	C
10	D
11	C
12	C
13	B
14	C
15	A
16	C
17	A
18	A
19	D
20	D
21	C
22	A
23	C
24	A
25	C
26	A
27	C
28	B
29	B
30	B
31	D
32	B
33	C
34	A
35	D
36	B
37	D
38	B
39	B
40	A
41	B
42	A
43	A
44	D
45	B
46	B
47	C
48	B
49	C
50	C
51	B
52	A
53	B
54	A
55	B
56	A
57	A
58	C
59	B
60	B